



ӘОЖ 82:316.3

ҒТАХР 17.07.41

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2024.93(1).14

¹ Қыдыршаев А.С.*, ² Ақболатов А.А., ³ Тұрғанәлиева Г.Г.

^{1,2,3}М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал,
Қазақстан

*Корреспондент-авторы: kdirshaev_abat@mail.ru

E-mail: kdirshaev_abat@mail.ru, aidarbek_akbulat@mail.ru, ganna_tgg@mail.ru

МАХАМБЕТ БАБА МІНЕЗДІ РИТОР - ПЕДАГОГ ТҰЛҒАСЫ

Андатпа. Мақалада Махамбет баба мінезді ритор-педагог тұлғасы кең көлемде таразылана тарқатылады. Махамбет бабамыз алғаш рет Ұлтымыздың ұлы ұстазы тұрғысында айқындалып, ақын тұлғасы ұлт намыс, тәуелсіз еліміздің педагог қайраткері бейнесінде айшықталады. Сондай-ақ, мақалада ұстаздық мамандықтың күллі ұрпақ тәрбиесіндегі патриот тұлғаны баулу мәдениеті сараланады. Бүгінгі ритор-мұғалімнің шешендік этикасы, шешендік шеберлігі, шешендік эрудициясы, шешендік импровизациясы сипатталады. Ритор-педагогке тән педагогикалық қабілеттіліктің сапынан ұйымдастырушылық, дидактикалық, рецептивтік, коммуникативтік, зерттеушілік, ғылыми-танымдық ерекшеліктері талданады. Нәтижеде шешендік сөзбен жүзеге асырылатын әрі сөзбен барша жетістіктерге жеткізетін өнер саласы екені түйінделіп, Махамбет баба мінезді ритор-педагог тұлғасының моделі ұсынылады.

Кілт сөздер: Ритор-педагог; ұлттық болмыс; шешен сөйлеу мәдениеті; ұлттық құндылық; тұлға; халықтық дәстүр; шешендік өнер; шешендік импровизация; шешендіктану; ұстаз; эрудиция; рецептивтік; этикет; эстетика.

Кіріспе

Махамбет Өтемісұлы – Ұлттың ұлы ұстазы. Махамбет ақын – аз сөйлеп, көп тыңдайтын қас асылдың баласы. Махамбет – арада тұрып сөйлемейтін қас жақсының баласы. Махамбет – аз ұйықтап, көп жортатын азамат ердің баласы. Қысқасы, Махамбет – ұлт намысы. Махамбет – өр рухтың байрағы, ерлердің намыс қайрағы. Демек, тәуелсіз еліміздің ұлт ұстазы Махамбет баба қасиеті қонған мінезді болуы тиіс.

Ал еліміз егемендік алғалы қоғамдық жүйелердің барлығын ұлттық құндылықтармен толықтырып, жаңартып жатқан тұста білім беру саласындағы өзгертулер мен жаңартулар халықтық болмыс пен ұлттық құндылықтарға ойысуда. Бұндағы негізгі мақсат - болашақ ұрпақты халықтық дәстүрмен тәрбиелеу, ұлттық қасиеттерді бойына сіңіре отырып, олардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру.

Халқымыздың өткір тілімен айтылған салмақты да терең ойлы, ділмар данышпандықпен айтылған үкім сөзіне қаулы-қарарсыз-ақ тоқтап, «*бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ*» болып, шешілмеген дау, алынбаған жау қалмаған.



«Ханның тағынан иешеннің бағы артық» деп, «Ерді екінің бірі туады, шешенді мыңның бірі туады» деп шешендік өнерді тақтан да артық бақ санап, жоғары бағалаған. Демек, қай халықта болсын тәрбиенің негізгі бастау бұлағы - халықтық педагогика, сол халықтық педагогиканың басты құралы сөз өнері екені мәлім. Сондықтан өз ұрпағының болашағын ойлаған шешен тәрбиешілер жастарды ең әуелі сөз өнеріне, яғни, шешендікке, сөз сөйлеу мәдениетіне, өз ойын тиянақты жеткізе білуге баулуы тиіс.

Адам өмірінің мәні - білім мен тәрбие десек, оны шәкірт бойына сіңіретін күдірет иесі - ұстаз. «Мұғалім - мектептің жүрегі» деу тегін емес. Тынымсыз соққан жүректей үздіксіз ізденіс пен ерен еңбек әйтеуір бір нәтижеге жеткізеді. Педагогика ілімі өз дамуында мұғалімнің жеке басы мен оның еңбегін зерттеуге үзбестен көңіл аударуда. Я.Коменский алғашқылардың бірі ретінде ұстаз қызметін мәртебелі статуска көтерді. К.Ушинский мұғалімнің жеке басы жанып тұрған күн нұры, тәрбиешінің жеке басы күллі тәрбие ісі деген.

Ұстаздық мамандық өзге мамандық атаулының бәрінен өзгеше. Оның іс-әрекетінің бәрі ұрпақ тәрбиесіне, оны жеке адам тұрғысында қалыптастыруға арналады. Жас ұрпақ бойына жағымды мінез-құлық сіңіріп, оны жақсы мен жаманның ара жігін ажырата алатындай ету, қоғамның көркеюіне белсенді қатысушы дәрежесіне жеткізу – мұғалім парызы. Демек, болашақ ұрпақ бойынан табылатын қасиеттің бәрі мұғалімнің бойында болуы шарт.

Мұғалім - ең алдымен, жоғары дәрежедегі тұрақты модальділік және психологиялық-педагогикалық даярлықты қажет ететін сала иесі. Нағыз мамандық иесі – оқушылардың ойы мен жүрегіне жол тапқан, педагогикалық шеберліктің қыр-сырын меңгерген ұстаз. Бұл қасиет оның жеке басының ерекшеліктерінен көрінеді (*білім дәрежесі; озық әдістемені меңгеруі; мақсат бағыттылығы; ғылыми тілмен сөйлеу мәдениеттілігі*).

Шешендік біліктіліктен, білімнен, терең түйсікті сезімнен, ұшқыр қиялдан, зерделіктен тұрады. Болашақ мұғалімдерге шешендік өнерді меңгертуде Аристотель, Цицерон, Әл-Фараби сынды ойшылдардың еңбектері, қазақтың ұлттық ойлауы мен сөйлеу ерекшеліктері ерекше маңызға ие. Ендеше, бала тәрбиелеуде шешендік өнердің алатын орны аса жоғары.

М.Т.Цицерон: *«Шешеннің қуаты тыңдаушының көңілін бүтіндей аударып, өзіңе бағындыра білуінде. Сонымен бірге шешен екі негізгі қасиетті меңгеруі тиіс, біріншісі – нақты дәлелдердің көмегімен тыңдаушысын иландыра білу, екіншісі – тыңдаушылардың жүрегін айбынды да пәрменді сөзбен жігерлендіре білген әлдеқайда маңыздырақ»* деген. Римдік дүлдүл ритор шешендік сөздегі ең басты қағидат тұрғысында шешеннің білімділігі мен жалпы мәдениетін алады. Күллі әлемге танымал Цицеронның өзін де табысқа жеткізген осы қасиеттер еді. Шынтуайтында білімділік пен көп мағлұматтылық шешенді сәтті әрекеттерге жетелейді. Шешеннің өнегелі де, жағымды көзқарасы - шешендік өнердегі ең басты адам тағдырына қатысты дұрыс шешім қабылдауға көмектесер өте қажет қасиет. Білімдарлық пен жан-жақты хабардарлық, мықты логика, сондай-ақ шешендік әрекеттегі тәжірбие, дауыс күшін игеру қабілеті – сөз өтімділігінің негізі. М.Т.Цицерон: *«Шешенде диалектиктің тапқырлығы, философтың ойы, ақынның тілі, заңгердің жады, трагиктің даусы болуы тиіс. Шынайы шешен*



халық өмірі мен әдет-ғұрып, салт-сана дәстүрлеріне мейілінше жетік болуы керек» деп түйіндеген.

Ғаламдану жағдайында ұлттық мүдде мен көзқарас жойылып кету қаупі де жоқ емес. Қазіргі ақпараттық тасқын әлсізді шайып, жағаға ысырып тастауға бейім. Халықтық педагогика тізгінінен айырылсақ, ұлттық қаймағымыз да бұзылады, рухани дүниеміз ойсырайды, қиялымыз «тобырлық мәдениет» қамауына түседі, тіліміз шұбарланады, діліміз азады, адамымыз тозады. Біздіңше, қазіргі таңда барлық салада да шешендіктану ілімінен хабардар болудың қажеттілігінің, аса өзектілігінің де себебі осында. Себебі, шешен – азамат, интеллект. Шешен - жазу-сызу өнерінің, дұрыс сөйлей білу дағдысының кәсіби маманы. Шешен - адамзат мәдениетін, әдеп әлемін бойына жинақтаған тұлға.

Шешендіктану ғылымы қамтымайтын тақырып кем де кем. Түйткілді көсіле сөйлеу сөз арқылы шешіледі. Соған орай шешен сөйлеуші адамның жауапкершілігі де күшейеді. Жаңа заманда осы сауалға сұраныс туған жағдайда шешендіктану пәні мұғалімі жан-жақты даяр болуы шарт. Сала маманына тән қасиет - өз түйінін дәлелдеп, айтқанын өткізетін, ойын батыл қорғай алатын қайсар мінезді, ұлтына шексіз сүйіспеншіліктің иесі болуы.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Бүгінгі ритор-мұғалім қандай болуы керек? Тәжірибеге сүйінсек, шешен бойында қалыптасуы тиіс жеке бас қасиеттеріне шешендік этиканы, ұстаздық шеберлікті, шешендік эрудицияны, сөйлеу мәдениеті мен шешендік импровизацияны жатқызуға болады. *Шешендік этика.* Этика - теориялық жағынан заң-ережелерден тұратын ғылым. Нысаны - мораль, адамгершілік, ізгілік. «Этика» термині-салт-дәстүр, жөн-жоралғы, үрдіс мағынасын беретін грек сөзі. Яғни, ұлттық-халықтық салт-дәстүрлер ережесі. «Этикет» - тәртіп мағынасын беретін француз сөзі. Этика, этикет, этикетка, эстетика, тактика мағыналары өзара жақын сөздер. Жиынтығы - әдеп әлемі. Шешендік этика - қызмет-бабы барысында мұғалім ұстанатын заң, ереже, шарт, тәртіп һәм мінез. *Шешендік шеберлік.* Шеберлік - тәрбиелеу мен оқытудың жоғары және ұдайы жетілдіру өнері. Шеберліктің негізіне мұғалімнің жеке мәдениеті, білімі мен ой-өрісінің педагогикалық техникамен, сондай-ақ алдыңғы озық тәжірибемен ұштасып, қорытылуы алынған. Шеберлікті меңгеру үшін көп нәрсені білу, істей алу қажет. Мұғалімнің шеберлігі, әсіресе, сабақтарда үйрете білуден байқалады. Шеберліктің маңызды көрсеткіші - оқушылардың белсенділігін арттыра алуы, олардың қабілеттерін, өз бетімен жұмыс істеуін, білуге құмарлығын дамытуы, оқушыларды сабақта ойлануға мәжбүр ете білуі. Оқыту үрдісінде тәрбие жұмысын тиімді жүргізе білу, оқушыда жоғары адамгершілікті, патриотизм сезімін, еңбексүйгіштігін, дербестікті қалыптастыру білігі – шешендік шеберліктің басты элементтерінің бірі. *Шешендік эрудиция* - риторика саласындағы мәселелерді шешуде шешен-мұғалімге көмек болар оның жетік, жан-жақты білігі. *Сөйлеу мәдениеті.* Шешеннің басты қызметі - сөйлеу. Бейнелеп әсем сөйлей білу - жоғары мәдениеттіліктің белгісі. Шешендік өнер - адамзат өркениеті тудырған рухани-мәдени құндылықтардың бірегейі. Оның өсіп-өркендеуіне халықтық демократиялық дәстүрлер негіз болады. Ол әрбір ұлттың тарихи-әлеуметтік, саяси-экономикалық өмірінде қоғамдық қажеттіліктен туады.



Шешендік өнер мен оның тарихы - адамзат мәдениеті тарихының сабақтас бір бөлігі. Сондай-ақ, шешендік өнер табиғатын танып білу, оның қағидаларын меңгеру жоғары сыныпта берілетін сабақтарда тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы ғана жүзеге асып, оқушылардың сөйлеу мәдениетін игеруіне жағдай жасалады. Қазақта *«шешеннің сөзі мерген, шебердің көзі мерген»* мақалы бар. Осыдан сөз күшінің ерекшелігін аңғарамыз. Сөз мәнерін, техникасын меңгеру, ақиқатты тану қабілетін қалыптастыру көп ізденісті керек етеді. Оқу шеберлігіне баулу және дағдыландыру - жүйелі сөйлеуге тәрбиелеу үрдісінің үйлесімділігі нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. *Шешендік импровизация*. Кез-келген сабақтың қызықты өтуінің ешқандай да дайын рецепті болуы мүмкін емес, тіпті керемет жазылып, жоспарланған сабақтың өзі оның жақсы өтуіне кепілдік бермейді. Демек, сабақ барысының қызықты өтуі ритор-мұғалімнің бойындағы асқан шеберлікті, яғни, импровизацияны қажет етеді.

Зерттеу нәтижелері

Шешендіктану пәні мұғалімі – бірегей әмбебап тұлға. Ол - оқушылар мен үлкендер әлемінің арасындағы сарапшы. Ол баланың психикалық құпияларын жетік біле отырып, білім береді, оны адам болуға үйретеді, өмірге бейімдейді. *«Мұғалімі қандай болса, қоғамы да сондай»* заңдылығы ерте кезеңдерден-ақ белгілі. Адамзат өркениеттің дамуы тарихында жақсы мектебі мен мұғалімдері бар мемлекеттер ғана алға озған. Мұғалімнің рөлін төмендету қашан да болмасын мемлекетті аздырып, әдеп-ғұрыптарды нашарлататын қынжыларлық жағдайлармен аяқталып отырған...

Теориялық талдауларға сүйенсек, ритор-мұғалімге тән бірқатар негізгі талаптар бары мәлім. Алғашқысы – *педагогикалық қабілеттіліктің болуы* оқушылармен жұмыс жүргізуге бейімділіктен; балаларға сүйіспеншіліктен; қарым-қатынас жасау мәдениетінен көрінетін тұлғалық сапа. Көбіне педагогикалық қабілеттер сөз сөйлеу мәдениетін, оқушыларды ұйымдастыру және тағы басқа нақты әрекеттерді орындай білуімен сипатталады. Мәселен, В.А.Сластениннің пікіріне жүгінсек, шешен-мұғалімнің төмендегідей қырларын атар едік: 1. *Ұйымдастырушылық*. Мұғалімнің оқушыларды топтастыра алуы, оларды іске араластыру міндеттерін бөліп беру, жұмысты жоспарлау, атқарылған істің қорытындысын шығару біліктерінен байқалады. 2. *Дидактикалық*. Оқу материалын, көрнекілік құрал-жабдықтарды іріктеу, дайындау; оқу материалын ұғынықты жеткізу, анық рухани қажеттіліктердің дамуын ынталандыру, оқу-танымдылық белсенділігін арттыру; 3. *Рецептивтік*. Оқушылардың рухани әлеміне ене алу, олардың эмоцияналдық көңіл-күйін объективті бағалау, психикалық ерекшеліктерін анықтау біліктерінен көрініс береді; 4. *Коммуникативтік*. Мұғалімнің оқушылармен, ата-аналармен, әріптестерімен, оқу орнының жетекшілерімен педагогикалық мақсатқа сәйкес қарым- қатынас орната алу білігінен байқалады; 5. *Зерттеушілік*. Педагогикалық ситуациялар мен процестерді танып білу және объективті бағалау білігінен көрініс береді; 6. *Ғылыми-танымдық*. Мұғалімнің педагогика, психология, әдістеме салаларындағы жаңа ғылыми білімдерді меңгеруге қабілеттілігіне саяды.



Шешендіктану - жан дүниені, он екі мүшені, алпыс екі тамырды түгел жайлап, еш уақытта да көзге көрінбейтін сезім қылдары арқылы ақыл иесі адамды өз ыркына жетелеп алатын қасиетті ілім. Демек, бүгінгі қоғам талабына сай ритор- мұғалімдер, *біріншіден*, өз сөзін дәл, нақты, қисынды да дәлелді етіп құра алатын, әрі оқушылармен шығармашылық әріптестік негізінде ұдайы пікірталас ұйымдастыру арқылы сабақты қызықты көрініске айналдырып, берілетін мағұлмат көлемін әлдеқайда көбейте білуі керек; *Екіншіден*, ритор-мұғалім күрделі сыныптармен байланыс, қарым-қатынас жасай білу керек; *Үшіншіден*, сөз арқылы оқытады, тәрбиелейді, өз көзқарасын жеткізеді, оған оқушыны көндіреді, оқушының санасына ғажайып көрнекі бейнелер туғызады.

Жинақтай айтсақ, *шешендік* - сөзбен жүзеге асырылатын әрі сөзбен барша жетістіктерге жеткізетін өнер саласы. Демек, барлығының тізгінін өз қолына алған, күллі өнердің қасиет-күшін өз бойына жинақтаған деуге болады (Платон). Олай болса, шешендік өнерді бүкіл ұлттық болмысымен бойына дарытқан ритор-мұғалім осындай болуы қажет.

Қорытынды

Сөз соңында ой көрінекілігі ретінде Махамбет баба мінезді ритор-педагог маманды қалыптастыру бағытында өткізілген *«Шешен сөйлеймін десең...» тақырыбындағы шеберлік сағатының фрагменттерін ұсынамыз. Шеберлік сағатының мақсаты – жоғары оқу орны студенттерін шешен сөйлеуге баулу.* Біздің тәжірибемізде тап осы мақсат үдесінде сөз сөйлеуші ритор кәсіби маманның сөз мазмұны төмендегіше болмақ: **1. Шешендік - жастар көркі.** 1. «Шешендіктің сәні жоқ, Сөзіне ел сүттей ұйып, Қолтығына ел сыйып, Басына бақыт қонбаса» (Дулат Бабатайұлы) тұжырымына назар аудару; 2. Шешендік - өнер. Сол өнермен қаруланса ғана шешендікті игеруің мүмкін; 3. Шешендік мәні тек шешенде ғана емес, қалыптасқан жағдайға да байланысты. Шешендік сөздің әкесі - шешен, анасы - аудитория. Тек аудитория ғана оны қалыпқа келтіріп, жан бітірмек [1; 2; 3; 4]. **2. Шешен сол – сөйлер сөзден қиналмаса.** 1. Өте жақсы сөз айтқандар - дана ғой, Білімді сөз – білімсізге сана ғой (*Жүсіп Баласағұн*); 2. Кімде- кім риторика ілімінің қағидаларына бейім болса, сол ритор саналмақ; 3. Шешендік - шексіз білімнен, терең ойдан, асқан парасаттан туатын нәрсе (*Академик жазушы Зейнолла Қабдолов*) [3; 5]. **3. Шаршы топта сөз бастау қиын.** 1. Шешендікке бостандық қажет. Сөйлеуші көпшілік алдында ақиқатқа жүгіне ойын еркін айтуы керек; 2. Белгілі болса, жолдан жаңылмас, Білімі болса, сөзден жаңылмас (*Махмуд Қашқари*); 3. Сын айту үшін, шын айт. Шын айтпай, сын айтпа (*Бауыржан Момышұлы*) [5; 6]. **4. Сөз сөйлеуге даярлық - демосфендік дағды.** 1. Бір рет айтудан бұрын екі қайтара ойлап алсаң, екі есе жақсы айтарыңды ескеру; 2. Алдында үйренері бардың, артындағыларға үйретері де табыларын айқын сезіну; 3. Кімде-кім өз сөзін алдын-ала дайындаса, сол - халыққа нағыз берілген, шын мәнінде халық үшін қызмет ететін жан, ал көпшілік сөзімді қалай қабылдайды дегенге немқұрайлы қараушылық - сендіруді емес, күшпен көндіруді мақсат еткендік (*Демосфен*) [7; 8; 9]. **5. Шешеннің тілі - шебердің бізі.** 1. Сөзді сенімді сөйлеуді, сонда тыңдаушыларға әсері жайында қам қылудың қажеті болмайтынын айту; 2. Құрғақ сөздің ғұмыры қысқалығын әркез ескеру; 3. Айтқан сөзің қандай болса, еститұғын жауабың да сондай боларын білу



[5; 10; 11]. **6. Әр сөздің айтылуына қарай мың мағынасы бар.** 1. Аяқталмай және жүйелі айтылмай қалған ойдың мәні, ырғақсыз айтылған сөздердің сәні болмасын білу; 2. Бақырып сөйлегеннің сөзі естілер де қаларын, ақылды сөйлегеннің сөзі көкейге келіп қонарын ескеру; 3. Ағылшындар айтқандай, сөз семсерден бетер сілейтеріне ойлана қарау [5; 12; 13]. **7. От сықылды жылы болсын жүзіңіз бен сөзіңіз.** 1. Даналардың әр сөзі тең ғой бейіш үнімен, Бет ажары әрқашан тапса үйлесім тілімен (*Жүсіп Баласағұн*); 2. Сөз бен қылық суық көңілді жылытарын, жылы көңілді суытарын сезіну; 3. Үздік шешеннің тілімен бірге жүзі сөйлерін ескеру [5; 14; 15]. **8. Ұстамды әрі орынды сөйлеу ділмәрлықтан көп артық.** 1. Орнын тауып та мәдениетті сөйлей білсең, әр сөз сұлу, орнын таппаған әр сөз бұжыр (*Ғабиден Мұстафин*); 2. Өз басыңды өзің ажалға душар етпес үшін, сөзіңе сақ бол. Өз тісіңді өзің сындырмас үшін, тіліңе сақ бол (*Жүсіп Баласағұн*); 3. Құлаққа түрпідей тиетін құнарсыз сөзден бір ауыз айтқан асыл сөз артық (*Шәкәрім Құдайбердіұлы*) [5; 16; 17]. **9. Ең қысқа сөз - мағыналы көзқарас.** 1. Қымбат сөз қысқа қайырыларын есте ұстау; 2. Санаулы сөз салмақты боларын білу; 3. Көсіліп ұтқыр сөйлеу - тапқыр ақылдың сыйы, тұжырымды ықшам сөйлеу - даналықтың белгісі (*Ф.Ларошфуко*) [18; 19]. **10. Үндемегеннің өзі де жауап.** 1. Бойда - қайрат, ойда - көз, Болмаған соң айтпа сөз (*Абай*); 2. Пайдасыз сөзді көп айтпа, пайдалы сөзді аз айтпа (*Әлішер Науаи*); 3. Өзінің тіліне күші жетпеген адамның сөзінде шынайы шындық болмайды (*М.Ганди*) [20; 21]. **11. Сөзге сақ болу - шешендіктен де биік.** 1. Сүйрең тіл - сүйір тіл (*Ағылшын халқы мақалы*); 2. Шабыстыратын сөз айтпа, Табыстыратын сөз айт (*Мұзафар Әлімбаев*); 3. Тіліңді бақсаң, құныңды сақтарсың [5; 22; 23]. **12. Ірі сөзге ізетті жауап.** 1. Тілден шыққан сөз тістен де таза болғанға не жетсін! 2. Адамды ештеңе де ізгі сөздей серпілтпейді; 3. Жалпақ әлемді ауызға қарату үшін, рухани ерлік керек, жалпақ әлемге қысылмай, қымтырылмай қарау үшін, рухани байлық керек (*Әбіш Кекілбайұлы*) [5; 24; 25]. **13. Көңіл - қазы, көз - таразы.** 1. Көңіл сырын көз білдірер, ойлы сөйлеп, мәнерлі жеткізуде дауыстан кейінгі орынды бет-жүз алмақ, ал ол көз арқылы көріктенбек (*М.Т.Цицерон*); 2. Жанардың жарығы да жанға түседі - ойдың жанарға жеткен жалтылындай (*Асқар Сүлейменов*); 3. Беттің әрі айнадан көрінерін, адамдықтың әрі сөзден көрінерін әрдайым есте ұстау [5; 26]. **14. Ымға түсінбеген, дымға түсінбейді.** 1. Ишарат - айтайын деген мағынасы бар әрекет. Іс-қимыл арқылы жеткізілмеген ой әлсіз; 2. Ыммен, ишаратпен сөйлеу - өте-мөте өзіндік құбылыс, ол шешеннің ой-сезім толқындарымен етене [3; 5]. **15. Мадақтар болсаң, шын асылды мадақта.** 1. Өзі өзгеше боламын демектің түбі - мақтан (*Абай*); 2. Мақтау - алтын мен алмас сияқты сирек болғанда ғана құнды; 3. Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап, Әуре етеді ішіне қулық сақтап. Өзіңе сен, өзінді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап (*Абай*) [3; 5]. **16. Барлық жеңіс өзінді-өзің жеңуден басталмақ.** 1. Мәдениеттілік арқылы табысқа жетуге болады, тіпті күшпен ештеңе шеше алмаған жағдайда да; 2. Бәрінен күшті адам - өзіне-өзі ие болатын адам (*Сенека*); 3. Өзін-өзі тапқан адам - бақытты, жоғалтпаған - бақыттырақ одан да (*Қадыр Мырза Әли*) [3; 5]. **17. Тыңдай білу – ұлылық.** 1. Арғымақтың баласы аз жусар да көп жортар, Адамзаттың баласы аз сөйлер де көп тыңдар (*Махамбет*); 2. Сөйлеген егерін, тыңдаған орарын білу; 3. Тіл үйірет сөз болса, Тыңдаушы құлақ кез болар



(Араб халқы мақалы) [3; 5]. **18. Ауызында әзілі жоқтың қолында шоқпары бар.** 1. Қалжың сөз де тұз сияқты, шамадан тыс асып кетсе, дәмі бұзыларын ескеру; 2. Күлкі - шабуын білмесең, өз тірсегіңді өзің қиып түсіретін наркескен қылыш сияқты қатерлі қару (*Әбіш Кекілбайұлы*); 3. Юмор - өмір толқындарындағы құтқарушы шеңбер [3; 5]. **19. Сөйлесу - бірлескен күш-жігермен салынатын ғимарат.** 1. Жақсылық жайында жасқанбай сөйлеген жөн; 2. Өзара әңгімені әңгімелесушілердің әрқайсысы одан пайда көріп, көп білім алатындай етіп жүргізген дұрыс-ау; 3. Ақылды жауап алғың келсе, ақылмен сұра (*И.Гете*) [3; 5]. **20. Естіге айтқан тура сөз - шыңға тіккен тумен тең.** 1. Тура сөздің тоқпағы мықты боларын түйгейсің; 2. Қарны тоқ қаса надан ұқпас сөзді, Сөзді ұғар көкірегі болса көзді (*Абай*); 3. Естіге айтқан тура сөз, Шыңға тіккен тумен тең. Езге айтқан тура сөз, Құмға сіңген сумен тең (*Майқы би*) [3; 5]. **21. Ақылды адам сөзді нақылсыз айтпайды.** 1. Ұлы іске ұлағатты сөз керек (*Орыс халқы мақалы*); 2. Білімдінің сөзі - оң, Білімсіздің сөзі - тоң; 3. Нақыл сөздер көп болғанымен, айтар адам аз. Нақышымен нық қадап түбіне жеткізе сөйлеген адам - шешен адам (*Құтып*) [3; 5]. **22. Дәлелсіз сөз желмен тең.** 1. Ішсең, тұнықты іш, Жесең, піскенді же, Сөйлесең, шындықты айт; 2. Әділ сөз асауды да ауыздықтарын білгейсің; 3. Айқындық - сөздің басты артықшылығы (*Аристотель*) [3; 5]. **23. Жүйелі сөз - киелі.** 1. Дүниеде екі ғаламат нұр бар: біреуі - күннің нұры, екіншісі - сөздің нұры (*Қадыр Мырза Әли*); 2. Құнды сөз құнарлы ойдан туады (*Л.Н. Толстой*); 3. Керексіз сөз күйдірет от сияқты (*Жүсіп Баласағұни*) [3; 5]. **24. Адамның ұқпағаны - бойына жұқпағаны.** 1. Шешен елге түсінікті болу үшін бүкпесіз ашық болуы тиістігін ескеру; 2. Тіл шеберлігінің құны түсініктілігінде, өйткені сөз түсініксіз болса, көздеген мақсатына жетпейді (*Аристотель*); 3. Қымбат сөз құлақтарға құйылған сайын құны арта түсерін сезіну [3; 5]. **25. Сөз тапқанға қолқа жоқ.** 1. Өзі шілдей, сөзі мірдей; 2. Шешендік сөздердің құндылығы тек шындығында емес, ойының тапқырлығында. Қиядан жол, қиыннан сөз табу - шешеннің бағалы қасиеті; 3. Ойды ойдағыдай жеткізу үшін оралымды, икемді тіл қажет. Нағыз шешен қапияда ой тауып немесе ойлап, ойша сөйлеп, лайықты тапқыр тілмен өрнектеп жеткізеді [5]. **Түйін сөз.** «Шешендер туа пайда болмайды, жүре пайда болады» қағидасын ұстану. *Мәселен, Демосфен, Жиренше шешен тәжірибесі; Данышпан ғұламалардың үздік ойларымен танысу - таңғажайып ой жаттығуы іспетті. Ақылды құнарландырып, ойды сындарлы етеді. Демек, бұлардың жасқа да, жасамысқа да қажетсіз болуы мүмкін емес; Абай ғұламаның «естілердің сөзін ескеріп жүрген адамның өзі де есті болады»* деуі қандай орынды. Демек, қазір қайсысымызға да ақша да, басқа да қат болғанымен, ең басты қат нәрсе - ақыл. Жанашыр достың ақылы. Көргені көп кемелдің, жеткені көп беделдің немесе солардың тереңіне бойлай білген зерде мен зейіннің айтатындары. Махамбет баба мінезді ритор-педагог осы тұжырым-түйіндердің туындысы [32;33].

ӘДЕБИЕТ

[1] Қыдыршаев А.С. Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Монография. - Алматы. 2000. – 270 бет.

[2] Қыдыршаев А.С. Шешен-лектордың профессиограммасы. - Орал: БҚМУ баспасы, 2004. – 56 бет.



- [3] Қыдыршаев А.С. Шешендік тағылымы. Орал, 2006. – 146-бет. 2015. – 230 бет.
- [4] Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. Орал, 2015. -230 бет.
- [5] Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе? (*Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қағидалары*). Оқу құралы. - Орал, 2017. – 364 бет.
- [6] Борохов Э. Энциклопедия афоризмов. М.: Мысль. 2003. - 686 с.
- [7] Душенко К.В. Большая книга афоризмов. М.: Мысль. - 2006. - 1056 с.
- [8] Шаймерденұлы Е. Қазақ афоризмдері. Алматы, 2008. – 304 бет.
- [9] Энциклопедия мудрости. Литературно- художественное издание. Издательство «РООССА», 2007. - 814 с.
- [10] Назарбаев Н. Ақыл - парасат кітабы. Алматы, RS; Халықаралық Абай клубы, 2015 - 316 бет.
- [11] Шығыс халықтарының мақал-мәтелдері (Құрастырған, аударған Н. Ондасынов). Қазақстан, А., 1977. – 208 бет.
- [12] Афоризмы и крылатые изречения об ораторском искусстве. Сост.: Г.М.Порубова, Н.Н.Порубов. - Минск, 1977. - 66 с.
- [13] Ақыл-ой антологиясы (*Қазақ афористикасы: бағзыдан бүгінге шейін*) (Шаймерденұлы Е., жинап-құрастыру, редакциялық өңдеу, тәржіма, анықтамалық). - Алматы: «Өлке» баспасы, 2012. – 536 бет.
- [14] Қазақ мақал-мәтелдерінің алтын кітабы (8675 мақал-мәтел) (Құрастырушы Жәрдем Кейкін). Алматы. «Аруна» баспасы, 2016. – 632 бет.
- [15] Шыңжаң қазақтарының мақал- мәтелдері. Жинақтап құрастырған Долда Кенешұлы. - Алматы: «Атамұра», 2008. – 208 бет.
- [16] Қазақ мақал-мәтелдері. Құрастырған Ж.Малайсарин. - Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2008. – 184 бет.
- [17] Лучшие афоризмы великих людей. Формула успеха (Составитель А.П.Кондрашов). - М.: РИПОЛ классик, 2010, - 640 с.
- [18] Афоризмы о власти. Предвидеть - значит управлять / Сост. Л.Н.Мартыянова. - М.: ЗАО Центрполиграф. 2007. - 383 с.
- [19] Қазақ мақал-мәтелдері. Казахские пословицы и поговорки (Құрастырған және аударған М.Аққозин). - Алматы, «Алматыкітап», 2007. – 272 бет.
- [20] Андрей В. Звезды говорят. 4000 золотых афоризмов на каждый день / Валерия Андреа; пер. с англ. И.И.Комаровой. - М.: РИПОЛ классик, 2006. - 448 с.
- [21] Пословицы, поговорки и загадки калмыков России и ойратов Китая. Составление, перевод БЕТ.Х.Тодаевой. Элиста: ЗАОр «НПП» «Джангар», 2007. - 839 с.
- [22] Кемел Мырзагелді. Ақыл қалта. Астана, «Аударма» баспасы, 2013. – 616 бет.
- [23] Трамп Д. Лидерство. Золотые правила Дональда Трампа / Дональд Трамп, Мередит Мак Ивер. - М.: Эксмо, 2013. - 224 с.
- [24] Саттон Р. Искусство быть хорошим руководителем. Руководство для тех, кто управляет людьми / Роберт Саттон; пер. с англ. Е.Милицкой. - М.Манн, Иванов и Фербер, 2013. - 352 с.



[25] Бальдони Дж. Быть лидером. 50 способов добиться впечатляющих результатов / Джон Бальдони; [пер. с англ. Е.Деревянко] - М.: Эксмо, 2014. - 288 с.

[26] Қыдыршаев А.С., Төлегенова Д.Қ. Искерлік шешендіктану қағидалары. Оқу құралы. - Орал: «Ағартушы» мемлекеттік тілді оқыту орталығы, 2007. – 68 бет.

[27] Қыдыршаев А.С. Мұғалім кадрларының біліктілігін арттыруға шешендіктану ілімінің қатысы // 12 жылдық білім жүйесі және жаңа педагогикалық конференция материалдары. Ақтөбе. 2006, 9-10 бет.бет.

[28] Десеяева Н.Д., Лебедева Т.А., Ассуирова Л.В. Культура речи педагога. Москва: «Академия», 2003. - 192 с.

[29] Негимов С. Шешендік өнер. Ана тілі, А., 1997.

[30] Мишаткина Т.В. Педагогическая этика. Ростов на Дону: «Феникс», 2004. -304 с.

[31] Волков А.А. Основы риторики. Москва: «Академический проект». 2005. - 304 с.

[32] Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. Оқулық бакалавриат білім беру бағдарламасы бойынша білім алушы жоғары оқу орнының филология бөлімінің студенттері үшін дайындалған. 4-басылым. – Орал: «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасы, 2023. – 424 бет.

[33] Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлеймін десеңіз... (*Шешен сөйлеу мәдениетінің кешенді әдістемелік қағидалары*). Оқу құралы. Орал, «Полиграфсервис» баспасы, 2023. – 750 бет.

REFERENCES

[1] Kysdyrshaev, A.S. (2000). Sheshendiktanýdy oqytýdyń ғылым-әдістемелік негіздері [Scientific and methodological foundations of teaching rhetoric]. Monograph. – Almaty [in Kazakh].

[2] Kysdyrshaev, A.S. (2004). Sheshen-lektordýń professiogramması [Professional profile of the speaker-teacher]. – Ural: BSMU Publishing House [in Kazakh].

[3] Kysdyrshaev, A.S. (2006). Sheshendik taғыlymy [Oratory training]. Ural, – P. 146. 2015. – 230 p. [in Kazakh].

[4] Kysdyrshaev, A.S. (2015). Sheshendiktaný [Oratory]. Ural, -230 p. [in Kazakh].

[5] Kysdyrshaev, A.S. (2017). Sheshen sóilei bilemiz be? (Sheshen sóileý mádenetiniń altyn qaғıdalary) [Can we speak eloquently? (Golden principles of public speaking culture)]. Educational tool. – Ural – 364 p. [in Kazakh].

[6] Borohov, E. (2003) Ensiklopedia aforizmov [Encyclopedia of aphorisms]. M.: Example. – 686 p. [in Russian].

[7] Dushenko, K.V. (2006) Bolshaya kniga aforizmov [Big book of aphorisms]. M.: Example. - 1056 p. [in Russian].

[8] Shaimerdenuly, E. (2008) Qazaq aforizmderi [Kazakh aphorisms]. Almaty,. – 304 p. [in Kazakh].

[9] Encyclopedia of Wisdom. Literary and artistic publication. Publishing house "ROOSSA", (2007) – 814 p. [in English].



- [10] Nazarbayev, N. (2015) Aqyl - parasat kitabı [Reason is the book of reason]. Almaty, RS; Abay International Club – 316 pages [in Kazakh].
- [11] Proverbs of Eastern Peoples (Compiled and translated by Kh. Ondasynov). Kazakhstan, A., 1977. - 208 p. [in English].
- [12] Porubova, G.M., Porubov, N.N. (1977). Aforizmy krylatye izrechenia ob oratorskom iskýsstve [Aphorisms and proverbs about oratory].– Minsk, – 66 p. [in Russian].
- [13] Anthology of reason (Kazakh aphorism: from origins to the present) (Shaimerdenuly E., compilation, editing, translation, link). – Almaty: Olke Publishing House, 2012. – 536 p. [in English].
- [14] Golden Book of Kazakh Proverbs (8675 proverbs) [Compiled by Zhardem Keikin]. Almaty. Publishing house "Aruna", 2016. – 632 pages. [in English].
- [15] Proverbs of Xinjiang Kazakhs. Compiled by Dolda Keneshuvi. – Almaty: “Atamura”, 2008. – 208 p. [in English].
- [16] Kazakh proverbs. Compiled by J. Malaysarin. – Almaty: Publishing House “Native Language”, 2008. – 184 p. [in English].
- [17] The best aphorisms of great people. Formula for success [Compiled by A. P. Kondrashov]. – M.: RIPOL classic, 2010, – 640 p. [in English].
- [18] Aphorism about power. Foreseeing means controlling L. N. Martyanov. - M.: ZAO "Tsentrpoligraf". 2007. – 383 p. [in English].
- [19] Kazakh proverbs. Kazakh proverbs and sayings [Compiled and translated by M. Akkozín]. – Almaty, “Almatykitap”, 2007. – 272 p. [in English].
- [20] Andreev, V. (2006). Zvezdy govorát. 4000 zolotykh aforizmov na kajdyı den/ Valeria Andrea; per. s angl. I.I.Komarovoı [They talk about the stars. 4000 golden aphorisms every day / Valeria Andrea; lane from English I. I. Komarova]. – M.: RIPOL Classic,– 448 p. [in Russian].
- [21] Proverbs, sayings and riddles of the Kalmyks of Russia and the Oirats of China. Compilation and translation of BET. Kh. Todaeva. Elista: JSC NPP Dzhangar, 2007. – 839 p. [in English].
- [22] Kemal, Myrzageldi. (2013). Liderstvo Zolotye pravıla Donalda Trampa / Donald Tramp, Meredit Mak Iver. [Pocket mind. Astana, Publishing House “Audarma”],– 616 p. [in Russian].
- [23] Trump, D. (2013). Liderstvo. Zolotye pravıla Donalda Trampa / Donald Tramp, Meredit Mak Iver. [Leadership. Donald Trump's Golden Rules / Donald Trump, Meredith McIver] – M.: Eksmo– 224 p. [in Russian].
- [24] Sutton, R. (2013). Iskýsstvo byt horoshim rýkovoditelem. Rýkovodstvo dlá teh, kto ýpravláet lúdmı / Robert Satton; per. s angl [The art of being a good leader. A Guide for Those Who Manage People / Robert Sutton; lane from English E. Militetskaya] - M. Mann, Ivanov and Ferber, - 352 p. [in Russian].
- [25] Baldoni, J. (2014). Byt liderom. 50 sposobov dobıtsá vpechatláúshıh rezýltatov / Djon Baldoni; [per. s angl. E.Derevánko] [Be a leader. 50 ways to achieve impressive results / John Baldoni]; [transl. from English E. Derevianko] - M.: Eksmo - 288 p. [in Russian].



[26] Kydyrshaev, A.S., Tolegenova, D.K. (2007). Iskerlik sheshendiktany qaǵıdalary. Oqý quraly [Principles of business rhetoric. Educational tool]. - Ural: State Center for Language Training “Agartushy”, - 68 p. [in Kazakh].

[27] Kydyrshaev, A.S. (2006). Muǵalim kadrlarynyń biliktiligin arttyrýǵa sheshendiktany iliminiń qatysy // 12 jyldyq bilim júesi jáne jańa pedagogikalyq konferensia materialdary [The role of teaching rhetoric in professional development of teachers // Materials of the 12-year education system and the new pedagogical conference]. Aktobe.,pp. 9-10. [in Kazakh].

[28] Desyaeva, N.D., Lebedeva, T.A., Assuirova, L.V. (2003). Kúltýra rechı pedagoga [Teacher of culture and speech]. Moscow: “Academy”. – 192 p. [in Russian].

[29] Negimov, S. (1997). Sheshendik óner [Oratory]. Native language, A. [in Kazakh].

[30] Mishatkina, T.V. (2004). Pedagogicheskaya etika [Pedagogical ethics]. Rostov-on-Don: “Phoenix” -304 p. [in Russian].

[31] Volkov, A.A. (2005). Osnovy ritoriki [The basis is rhetoric]. Moscow: “Academic Project”.– 304 p. [in Russian].

[32] Kydyrshaev, A.S. (2023). Sheshendiktany. Oqýlyq bakalavriat bilim berý baǵdarlamasy boyınsha bilim alýshy joǵary oqý ornynyń filologiya bóliminiń stýdentteri úshin daıyndalǵan [Oratory. The textbook was prepared for students of the university's philological faculty in the undergraduate educational program]. 4th edition. - Ural: Printing house "Poligraphservice" LLP - 424 p. [in Kazakh].

[33] Kydyrshaev, A.S. (2023). Sheshen sólemin deseńiz... (Sheshen sóleý mádenietiniń keshendi ádistemelik qaǵıdalary). Oqý quraly [If you want to speak eloquently... (Comprehensive methodological provisions for the culture of eloquent speech)]. Educational tool. Ural, Publishing house "Poligraphservis", - 750 p. [in Kazakh].

**Кыдыршаев А.С., Акболатов А.А., Турганалиева Г.Г.
РИТОР-ПЕДАГОГ С ХАРАКТЕРОМ МАХАМБЕТ БАБА**

Аннотация. В статье подробно рассказывается о личности педагога-ритора с характером Махамбета бабы. Впервые наш предок будет определен в контексте великого учителя нации, личность поэта будет отражена в образе национального достояния, педагогического деятеля независимой страны. Также в статье будет проанализирована культура воспитания патриотической личности в воспитании целого поколения педагогических профессий. Для современного ритора-учителя характерны ораторская этика, ораторское мастерство, ораторская эрудиция, ораторская импровизация. Анализируются организационные, дидактические, рецептивные, коммуникативные, исследовательские, научно-познавательные особенности педагогической способности, присущие ритору-педагогу. В результате будет представлена модель личности педагога-ритора с характером Махамбета баба, которая является областью искусства, реализуемой красноречием и способствующей всем достижениям в словах.

Ключевые слова: Ритор-педагог; национальная идентичность; культура ораторской речи; национальная ценность; личность; народная традиция;



ораторское искусство; ораторская импровизация; ораторское искусство; педагог; эрудиция; рецептивность; этикет; эстетика.

**Кудыршаев Абат, Акболатов Аидарбек, Турганалиева Ганмиркун
A RHETORICIAN-TEACHER WITH THE CHARACTER OF
МАХАМБЕТ БАБА**

Annotation. The article describes in detail the personality of the teacher-rhetorician with the character of Makhambet baba. For the first time, our ancestor will be defined in the context of the great teacher of the nation, the personality of the poet will be reflected in the image of a national treasure, a pedagogical figure of an independent country. The article will also analyze the culture of education of a patriotic personality in the education of a whole generation of teaching professions. The modern rhetorician-teacher is characterized by oratorical ethics, oratorical skills, oratorical erudition, oratorical improvisation. The organizational, didactic, receptive, communicative, research, scientific and cognitive features of the pedagogical ability inherent in the rhetorician-teacher are analyzed. As a result, a model of the personality of a teacher-rhetorician with the character of Makhambet Baba will be presented, which is an area of art realized by eloquence and contributing to all achievements in words.

Keywords: Rhetorician-teacher; national identity; culture of oratory; national value; personality; folk tradition; oratory; oratory improvisation; oratory; teacher; erudition; receptivity; etiquette; aesthetics.